

Жер қойнауын пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің қызметі туралы үлгілік ережені бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 16 қарашадағы № 585 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 қарашада № 33654 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 23 қазандығы № 491 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 23.10.2024 № 491 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ережесінің 15-тармағының 112-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған жер қойнауын пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің қызметі туралы үлгілік ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Фылым және жоғары білім министрі

C. Нурбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және құрылыш  
министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Фылым және жоғары  
білім министрі  
2023 жылғы 16 қарашадағы  
№ 585 бұйрығына  
қосымша

**Жер қойнауын пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің қызметі туралы үлгілік ереже**

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің қызметі туралы үлгілік ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігі ережесінің 15-тармағының 112-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже ғылыми-техникалық кеңес (бұдан әрі – FTK) қызметінің құқықтық және ұйымдарстыруышылық негіздерін айқындайды.

3. Ереженің талаптары FTK мүшелеріне, жер қойнауын пайдалану саласындағы салалық уәкілетті органдардың (бұдан әрі – салалық уәкілетті орган ) құрылымдық бөлімшелеріне, ғылым саласындағы уәкілетті органның және салалық уәкілетті органның ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің бағынысты субъектілеріне қолданылады.

4. FTK салалық уәкілетті орган жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға тиімді жәрдемдесу, сондай-ақ тиісті салада

ғылыми зерттеулер мен цифрландыру жобаларын жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мақсатында құрылады.

5. FTK өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, Зандарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, езге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2-тaraу. FTK-нің негізгі міндеттері мен функциялары**

6. FTK қызметі келесі негізгі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) жер қойнауын пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жобаларын қарастыру;

2) жер қойнауын пайдаланушылар ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыруға жіберетін қаражатты аудару мен бөлудің ашықтығын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу және шараларды іске асыру.

7. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес FTK келесі функцияларды орындауды:

1) салалық уәкілетті органның реттелетін салаларында ғылыми зерттеулер мен цифрландыру жобаларын жүргізу үшін басым салалық бағыттардың тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) қалыптастыру және оны өзектендіру;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми зерттеулер бағдарламаларын және цифрландыру жобаларын қарастыру;

3) орындалған ғылыми зерттеулер мен цифрландыру жобаларының нәтижелері бойынша оларды одан әрі пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

4) жер қойнауын пайдаланушылар ұсынған ғылыми зерттеулер бағдарламалары мен цифрландыру жобаларының орындалу барысы туралы аралық және/немесе қорытынды есептерді қарастыруды және қабылдауға ұсыныс беру.

## **3-тaraу. FTK қызметін үйімдастыру**

8. FTK құрамы салалық уәкілетті органмен ғылыми қоғамдастықтың және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ занды тұлғалармен оның ішінде жер қойнауын пайдаланушылардың ұсыныстары мен ұсынымдарын ескере отырып қалыптастырады және салалық уәкілетті органның бірінші басшысымен бекітіледі.

9. FTK төрағадан және тұрақты мүшелерінен тұрады. FTK мүшелерінің құрамына салалар бойынша жетекші ғалымдар, мемлекеттік органдар мен даму

институттарының, "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Ұлттық холдингтер мен компаниялардың өкілдері, сондай-ақ ұлттық ғылыми кеңестің мүшелері кіреді.

10. FTK құрамының талаптары ғылым саласындағы уәкілетті органмен келісілген салалық уәкілетті органмен айқындалады.

11. FTK төрағасы бірінші отырыста FTK мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы FTK мүшелері арасынан сайланады.

12. FTK төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарда төрағалық етеді, даулы мәселелерді талқылауда алқалылықты қамтамасыз етеді, FTK отырыстарын өткізу дің күн тәртібін, күнін және орнын айқындаиды, FTK отырыстарының хаттамаларына қол қояды, FTK шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

13. FTK жанынан ғылыми қамтамасыз етуді ұйымдастыру және FTK отырысына шығарылатын бейіндік мәселелерді қарау үшін өз қызметін жүзеге асыратын бейіндік секциялар (бұдан әрі – Секциялар) құрылады.

14. FTK құрамы 3 (үш) жыл мерзімге бекітіледі және әрбір Секция бойынша саны 7 (жеті) адамнан аспайтын мүшелердің тақ санынан тұрады.

15. FTK жұмысы күндізгі және сырттай отырыстар нысанында жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда FTK отырыстары ақпараттық коммуникациялық технологиялар және байланыс жүйелерін пайдалана отырып өткізілуі мүмкін.

16. FTK қажет болған жағдайда жиналады, бірақ жылына кемінде екі рет. FTK егер отырысқа оның құрамының кемінде 2/3 бөлігі қатысса, шешімдер қабылдайды.

17. FTK отырыстарға материалдарды дайындауды, жинауды және жүйелеуді, FTK мүшелеріне және шақырылған адамдарға FTK отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды уақтылы жіберуді, отырыстардың күн тәртібін әзірлеуді, отырыстарды хаттамалауды, FTK шешімдерінің жобаларын дайындауды және отырыстардан кейін хаттамаларды рәсімдеуді жұмыс органдының лауазымды адамы болып табылатын FTK хатшысы жүзеге асырады.

18. FTK отырыстары салалық уәкілетті органның интернет-ресурсында онлайн-трансляциямен өтуі мүмкін. Отырыстың хаттамалары, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды, есептер, актілер салалық уәкілетті органға беріледі және "Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33339 болып тіркелді) сәйкес сақталады.

19. FTK шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және кеңес отырысына қатысқан мүшелердің жалпы санының кемінде 2/3 дауысы берілсе, қабылданды деп есептеледі. FTK шешімдері хаттамамен рәсімделеді және оған төраға, FTK мүшелері мен хатшы қол қояды. Хаттамалардың көшірмелері FTK мүшелеріне жіберіледі.

20. FTK жұмыс органды салалық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі не квазимемлекеттік сектор субъектісі (бұдан әрі – Жұмыс органды) болып табылады.

21. Жұмыс органды FTK қызметін қамтамасыз ету мақсатында FTK ұйымдастырушылық-техникалық жұмысын қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде отырыс өткізілгенге дейін бес жұмыс күні бұрын FTK мүшелеріне жіберілуі тиіс қажетті материалдарды дайындайды. FTK жұмысы туралы жоспарлар мен есептер жасайды және олардың орындалуын бақылайды.

22. FTK жұмыс органды жыл сайын есепті жылдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей уәкілетті органға және ғылым саласындағы уәкілетті органға есепті кезеңінде қорытындылары бойынша FTK жұмысы туралы ақпарат ұсынады.